

МҰНАЙ ӨНІМДЕРІН САТЫП АЛУҒА ӨТІНІМДЕРДІ ҚАБЫЛДАУ РЕГЛАМЕНТІ

1. Жалпы қағидалар

Осы Мұнай өнімдерін сатып алуға сауалдарды қабылдау регламенті (бұдан әрі – Регламент) «PETROSUN» ЖШС (бұдан әрі- Серіктестік) Әлеуетті сатып алушылардан мұнай өнімдерін сатып алуға Өтінімдерді қабылдау тәртібі мен талаптарын, сатып алушыларға қойылатын біліктілік талаптарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ішкі нарығына мұнай өнімдерін сатып алу-сату шарттарын жасау тәртібін белгілейді.

1.1. Осы Регламенттің мақсаттары болып:

- Сатып алуға сауалдарды жолдау, қабылдау үдерістерін реттеу;
- әлеуетті сатып алушыларға арналған біліктілік талаптарын белгілеу;
- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының бұзушылықтарын алдын алу табылады;

1.2. Осы Регламент:

- «Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң);
- Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексінің;
- «Сауда қызметін реттеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының;
- Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі Төрағасының 2022 жылғы 13 маусымдағы № 15 бұйрығымен бекітілген Негізгі қуатқа тең қол жеткізу қағидаларының;
- Серіктестік Жарғысының;
- Серіктестіктің басқа актілерінің талаптарының ескерілуімен әзірленген.

1.3. Мұнай өнімдері деп Серіктестік сататын бензин мен дизель отыны түсініледі.

2. Мұнай өнімдерін сатып алуға өтінімдерді қабылдау тәртібі

2.1. Серіктестік «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС, «Павлодар мұнайхимия зауыты» ЖШС, «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС деген МӨЗ-де өндірілетін мұнай өнімдерін, сондай-ақ импортталатын және Қазақстан Республикасы аумағынан тыс өндірілген мұнай өнімдерін өткізуді іске асырады.

2.2. Мұнай өнімдерін өткізу келесі қағидаттардың сақталуымен іске асырылады:

- қолданыстағы заңнамаға сәйкес барлық контрагенттер үшін мәмілелердің бірдей қолжетімділігі мен тең (кемсітілмейтін) шарттары;
- барлық контрагенттер үшін бірыңғай баға белгілеу тәртібі;

- қызмет ашықтығы;

- Заң талаптарын сақтау.

Сатып алушылар ИНКОТЕРМС 2020 жеткізу базисін, ағымдағы жеткізу кезеңін, жөнелту бекеттерінің атауларын, белгіленген бекеттердің атауларын, жеткізу өңірлерін, тасымалдау түрі мен сатып алу мақсатын, сонымен қатар, мұнай номенклатурасы мен көлемін көрсете отыра, мұнай өнімдерін сатып алуға өтінімдерді (бұдан әрі – Өтінімдер) келесі электрондық мекенжайларға жолдайды:

pkop@petrosun.kz «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС,

pnhz@petrosun.kz «Павлодар мұнайхимия зауыты» ЖШС

anpz@petrosun.kz «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС

2.3. Сатып алуға өтінім Компанияның <https://petrosun.kz/ru.php#ForBuyers> ресми сайтында орналастырылған нысан бойынша жолдануы және нысанға сәйкес толық ақпаратты қамтуы тиіс (қолданылатын жағдайда). Сондай-ақ, сатып алуға өтінім нысаны осындай Сатып алуға өтінім берген АЖҚС иесінің немесе мұнай базаларының және/немесе сұйыққоймалардың меншік иесінің тиісті декларациялардың көшірмелерімен расталған соңғы 12 айдағы немесе 12 айдан кем болатын олардың бөлшек саудасының бүкіл кезеңіндегі бөлшек саудада өткізулері (төгілулері) туралы ақпараттың ҚР ҚМ МКК-не берілуін ескереді. АЖҚС иесі бензиннің бірнеше маркасын сатқан кезде, оның бөлшек саудасы (төгілуі) туралы мәліметтер әрбір марка бойынша бөлініп көрсетулі тиіс. Компания АЖҚС иесі немесе Мұнай базалары және/немесе сұйыққоймалары иесінің әрбір марка бойынша бензинді сату көлемдерін (төгілуін) бөлу туралы берген ақпарат сенімді, өзекті және толық болып табылатынына сүйенеді.

2.4. Өтінімдерді қабылдау күндері мен уақыты:

- жеткізу айының алдындағы айдың 1-ші күнінен 20-шы күніне дейін-;
- ағымдағы айдың 20-шы күнінен кейін келіп түскен өтінімдер бос көлемнің бар болу жағдайларын қоспағанда, келесі айда қаралады.

Қабылдау уақыты: 9 сағат 00 минуттан бастап 17 сағат 00 минутқа дейін.

2.5. Шарт жасасу үшін өткізу көлемінің ең аз және еселік нормасы вагондық норманы құрауы тиіс.

Мұнай базаларынан сатып алуға өтінімнің ең аз көлемі 4 тоннадан кем болмауы тиіс.

2.6. Мұнай өнімдерін өндіру саласындағы уәкілетті орган бекіткен Мұнай өнімдерін жеткізу жоспары өзгерген жағдайда мұнай өнімдерін жеткізудің шарттық көлемдері түзетіледі.

2.7. Серіктестік Заң талаптарын орындау үшін мұнай өнімдерін ішкі нарықта сатқан кезде, сондай-ақ әлеуметтік шиеленістіліктің орын алуын болдырмау және үздіксіз жеткізімді қамтамасыз ету үшін шұғыл ретпен ҚР Энергетика Министрлігі бекітетін Жеткізу жоспарлары негізінде ҚР атқарушы органдары тағайындайтын клиенттер (бұдан әрі – Операторлар) қанағаттандырылады: *(клиенттердің осы санатынан өтінімдердің ұсынылуы қажет емес)*

1) Заңның 24-бабында белгіленген шарттармен және тәртіппен ауыл шаруашылық тауар өндірушілері;

2) Жылумен жабдықтау ұйымдары;

2.8. Сауалдарды жіберу және сатып алу-сату шарттарын жасасу тараптардың Сатылымдардың Стандартты Шарттарын сөзсіз қабылдаулары мен оларға бағынуларын білдіреді.

2.9. Мұнай өнімдерін сатып алу-сату шарттары (бұдан әрі – Шарттар) Серіктестікпен соның ішінде МӨЗ-дің мұнай өнімдерін өндіру көлемімен, МӨЗ-ден жүк жөнелтулердің мерзімділігі мен бірқалыптылығымен шартталған және мұнай өнімдерін жөнелтудің шығынсыздығы мен ол үшін логистикалық жағдайлардың бар болуының есепке алынуымен мұнай өнімдерін жеткізудің экономикалық және технологиялық мүмкіндігі бар болған кезінде, осы Регламенттің 3-бөлімінде ескерілген біліктілік талаптарына сәйкес келетін әлеуетті сатып алушылармен жасалады.

2.10. Шарттар жеткізу базисін, мұнай өнімдерінің саны мен сұрыпталымын, жеткізу мен төлеу мерзімдерін, мұнай өнімдерін тасымалдау талаптарын ескереді. Мұнай өнімдерін сатып алу-сату мәмілелерінің барлық басқа талаптары Серіктестіктің ресми сайтында орналастырылатын Сатылымдардың Стандартты Шарттарына бағынады.

2.11. Жеткізу мүмкіндігі МӨЗ-дің мұнай өнімдерін өндіру көлемімен, МӨЗ-ден жүк жөнелтулердің мерзімділігі мен бірқалыптылығымен және қалыптасатын логистикалық мүмкіндіктер мен өзге шарттардың есепке алынуымен шартталады. МӨЗ-ден мұнай өнімдерін жөнелтулердің мерзімділігін сақтау талабы сақтау сұйыққоймалардың толып кету, және тиісінше, өндірістің тоқтап қалу тәуекелімен шартталған.

3. Әлеуетті сатып алушыларға қойылатын талаптар

3.1. Серіктестіктің сатып алушысы ретінде осы Регламенттермен белгіленген тіркеуден және сәйкестік тексерісінен өткен кез келген заңды тұлға немесе жеке кәсіпкер бола алады

3.2. Шарттар келесі біліктілік талаптарына сәйкес келетін контрагенттермен тең мен кемсітілмейтін талаптармен жасалады:

сатып алушылар – заңды тұлғалар үшін, қолданылатын құқық нормаларына сәйкес белгіленген тәртіппен заңды тұлға ретінде тіркелуі тиіс;

сатып алушылар – жеке тұлғалар үшін, қолданылатын құқық нормаларына сәйкес жеке кәсіпкер ретінде тіркелуі тиіс.

Сатып алушылар – заңды мен жеке тұлғалар үшін, жеке қызмет түрлерін іске асыратын салық төлеуші ретінде тіркеу есебінде тұру (мұнай өнімдерін бензинге, дизель отынына өткізген кезде);

Заңды мекенжайдың E-GOV порталы мен Салық төлеушінің кабинеті жүйесіндегі толық сәйкестігі;

Банкроттық тәуекеліне байланысты сот талқылауларының жоқтығы;

егер Сатып алушы Қазақстан Республикасының резиденті болып табылса, ол оларға қатысты соттың оларды банкрот деп тануы туралы шешімі бар тұлғалар және оларға қатысты банкроттық рәсімі аяқталған тұлғалар тізімінде жоқ болуы тиіс ([Веб ресурс: http://kgd.gov.kz/ru/content/spiski-nesostoyatelnyh-dolzchnikov-0](http://kgd.gov.kz/ru/content/spiski-nesostoyatelnyh-dolzchnikov-0)). Өзге жағдайда, Сатып алушыға тиісті органдар берген Сатып алушыны тарату өткізілмегені және Сатып алушыны банкрот деп тану туралы сот шешімінің жоқтығы туралы құжаттарды ұсыну қажет.

егер Сатып алушы Қазақстан Республикасының резиденті болып табылса, ол әрекет етпейтін және жалған кәсіпорын деп танылған тұлғалар тізімінде жоқ болуы тиіс (Веб ресурс: <http://kgd.gov.kz/ru/content/spisok-nalogoplatelshchikov-priznannyh-bezdeystviuyushchimi> мен <http://kgd.gov.kz/ru/content/spisok-nalogoplatelshchikov-snyatyh-s-registracionnogo-ucheta-v-kachestve-platelshchikov-1>). Өзге жағдайда, Сатып алушыға тиісті органдар берген Іріктеуге қатысу үшін ұсынысты беру күніне Сатып алушының қызметінің тоқтатылмағандығы туралы құжаттарды ұсыну қажет.

3.3. Серіктестікпен Шарт жасау үшін сатып алушыдан келесі құжаттар сұралады:

Заңды тұлғаларға арналған Шартты жасау үшін қажетті құжаттар тізбесі:

- жарғы көшірмесі;
- e-gov порталынан алынатын тіркелген заңды тұлға туралы анықтама (ағымдағы күнге);
- Сатып алушы басшысының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- Сатып алушының басшысын тағайындау туралы бұйрық пен шешім көшірмесі;
- ҚҚС бойынша есепке қою туралы куәліктің көшірмесі (бар болған жағдайда);
- Шартқа қол қоюға уәкілетті тұлғаға арналған сенімхаттың көшірмесі, басшыны тағайындау туралы шешім немесе сенімхатқа немесе шарттарға қол қоятын тұлғаның өкілеттігін растайтын өзге құжат;
- банк деректемелерінің көрсетілуімен Банк анықтамасы;
- Сатып алушының өзекті және ағымдағы байланыс телефондары, электрондық мекенжайы;
- Сатып алушының нақты мекенжайы туралы мәліметтер, егер ол заңды мекенжайдан ерекшеленетін болса;
- «Салық төлеушінің кабинеті» жүйесінен алынған «Салық төлеушінің тіркеу деректері» нысаны;
- Түпкілікті тұтынушылардан басқа, қызметтің жекелеген түрлері бойынша (салық салуға байланысты) салық салу объектілерінің есепте тұруының растамасы;
- egov.kz порталы арқылы алынған, есепке алынуы мемлекеттік кірістер органдарында жүргізілетін берешектің жоқтығы (бар) екендігі туралы анықтама;
- виртуалды жеткізу қоймасының/Сатып алушы қоймасының сәйкестендіргіші, виртуалды жеткізу қоймасының/Сатып алушы қоймасының атауы;
- ҚР ҚМ МКК-нің «Салық төлеушінің кабинеті» бағдарламалық жасақтамасынан алынған, Сатып алушы куәландырған АЖҚС саны туралы үзінді көшірме және/немесе Сатып алушының АЖҚС-ты иеленуінің басқа растамасы (АЖҚС иелері үшін);
- ҚР ҚМ МКК-нің «Салық төлеушінің кабинеті» бағдарламалық жасақтамасынан алынған, Сатып алушы куәландырған үзінді көшірме және/немесе Сатып алушының мұнай базасын (базаларын) және/немесе Мұнай өнімдерін сақтауға арналған сұйыққойманы (сұйыққоймаларды) иеленуінің басқа растамасы (Мұнай базалары және/немесе сұйыққоймалар иелері үшін);
- Уәкілетті органның порталында орналастырылған көтерме жеткізушілердің талдамалы тізілімінен алынған, Сатып алушы куәландырған Сатып алушының осы тізілімде

болуын растайтын үзінді көшірме (Мұнай базаларының және/немесе сұйыққоймалардың иелері үшін);

- бөлшек саудада өткізу (төгілулер) бойынша деректер қамтылған декларация.

Жеке кәсіпкерлерге арналған мұнай өнімдерін сатып алу-сату шартын жасау үшін қажетті құжаттар тізбесі:

- жеке кәсіпкер куәлігінің көшірмесі;
- жеке кәсіпкердің жеке куәлігінің немесе төлқұжатының көшірмесі;
- ҚҚС бойынша есепке қою туралы куәліктің көшірмесі (бар болса);
- Банктің шоттың бар болуы туралы анықтамасы;
- Жеке кәсіпкердің байланыс телефондары, электрондық мекенжайы;
- «Салық төлеушінің кабинеті» жүйесінен алынған «Салық төлеушінің тіркеу деректері» нысаны;
- Түпкілікті тұтынушылардан басқа, қызметтің жекелеген түрлері бойынша (салық салуға байланысты) салық салу объектілерінің есепте тұруының растамасы;
- иртуалды жеткізу қоймасының/Сатып алушы қоймасының сәйкестендіргіші, виртуалды жеткізу қоймасының/Сатып алушы қоймасының атауы;
- egov.kz порталы арқылы алынған, есепке алынуы мемлекеттік кірістер органдарында жүргізілетін берешектің жоқтығы (бар) екендігі туралы анықтама;
- ҚР ҚМ МКК-нің «Салық төлеушінің кабинеті» бағдарламалық жасақтамасынан алынған, Сатып алушы куәландырған АЖҚС саны туралы үзінді көшірме және/немесе Сатып алушының АЖҚС-ты иеленуінің басқа растамасы (АЖҚС иелері үшін);
- ҚР ҚМ МКК-нің «Салық төлеушінің кабинеті» бағдарламалық жасақтамасынан алынған, Сатып алушы куәландырған үзінді көшірме және/немесе Сатып алушының мұнай базасын (базаларын) және/немесе Мұнай өнімдерін сақтауға арналған сұйыққойманы (сұйыққоймаларды) иеленуінің басқа растамасы (Мұнай базалары және/немесе сұйыққоймалар иелері үшін);
- Уәкілетті органның порталында орналастырылған көтерме жеткізушілердің талдамалы тізілімінен алынған, Сатып алушы куәландырған Сатып алушының осы тізілімде болуын растайтын үзінді көшірме (Мұнай базаларының және/немесе сұйыққоймалардың иелері үшін).
- бөлшек саудада өткізу (төгілулер) бойынша деректер қамтылған декларация.